

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 426 "2020-2022 жылдарға арналған Ақсай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 475 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 маусымда № 7153 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 426 "2020-2022 жылдарға арналған Ақсай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6744 тіркелген, 2020 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер - "34 813" сандары "37 413" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімдері - "30 084" сандары "32 684" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар - "34 813" сандары "37 413" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақта:

"1 500" сандары "4 100" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1-қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Б. Отарбаев

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

2020 жылға арналған Ақсай ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер		37 413
1			Салықтық түсімдер		4 319
	01		Табыс салығы		460
		1	Корпоративтік табыс салығы		140
		2	Жеке табыс салығы		320
	04		Меншікке салынатын салықтар		3 759
		1	Мүлікке салынатын салықтар		188
		3	Жер салығы		145
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		3 426
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		100
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар		100
2			Салықтық емес түсімдер		410
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		210
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		210
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер		200
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер		200
4			Трансферттердің түсімдері		32 684
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		32 684
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		32 684
Функционалдық топ	Кіші функция	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	37 413
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29 213
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	29 213
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	29 213
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28 463

			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	750
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 200
	3			Елді-мекендерді көркейту	7 200
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 200
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 500
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 000
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	700
13				Басқалар	1000
	9			Басқалар	1000
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1000
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1000
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу		0
Функционалдық топ	Кіші функция	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				V. Бюджет тапшылығы	0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары		0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		0